

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 5

Өткізілген күні: 1 маусым 2026 жыл

Өткізілген орны: №109 ЖОББМ

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі

Төраға: Абдезимова Л. Ж.

Хатшы: Рискулова С. С.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылындағы оқушылар мен педагогтердің жетістіктері туралы.
2. Тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы мен нәтижелері туралы.
3. Ұзартылған күн тобынан түскен қаражаттың мақсатты жұмсалуды туралы.

1-МӘСЕЛЕ

«2025–2026 оқу жылындағы оқушылар мен педагогтердің жетістіктері туралы»

Тыңдалды:

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары 2025–2026 оқу жылындағы оқушылар мен педагогтердің жетістіктері туралы баяндама жасады.

Баяндамашы ағымдағы оқу жылы мектебіміз үшін жетістіктер мен жарқын жеңістерге толы болғанын атап өтті. Білім алушылар аудандық, қалалық, республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға белсенді қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті.

Оқу жылы барысында оқушылардың 300-ден астам жетістігі тіркеліп, көптеген жүлделі орындар мен дипломдар иеленді. Білім алушылар қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, физика, жаратылыстану пәндері бойынша олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында және шығармашылық байқауларда мектеп намысын абыроймен қорғады.

Республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктердің ішінде «Пони әлемді ашады» халықаралық олимпиадасы, «Қайым оқулары», «Ақбота», «Алтын түлек», «Алтын сақа», «Бастау» олимпиадалары мен түрлі зияткерлік сайыстардағы жүлделі орындар ерекше атап өтілді.

Шығармашылық бағытта оқушылар «Мақатаев оқулары», «Бояулар құпиясы», «Ұлы Дала қоңырауы», «Төлеген Айбергенов оқулары», «Шексіз

өмір» фестивалі және басқа да республикалық, қалалық деңгейдегі байқауларда жеңімпаз және жүлдегер атанды.

Педагогтер кәсіби байқауларға, олимпиадаларға, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға белсенді қатысып, жоғары нәтижелер көрсетті. Бірқатар мұғалімдер I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталып, республикалық және халықаралық деңгейдегі сертификаттар мен алғыс хаттарға ие болды.

Атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімдері Шукеева Алия Қабидолқызы, Женисова Макпал Қанатқызы, Молдагельдинова Айнаш Оралбайқызы, Тойтиева Акмарал Заманбекқызы, Нұрманова Ләйла Сайынқызы, Қарибаева Айдана Серікқызы және Турикпенбаева Ақтоты Әлімбекқызы түрлі деңгейдегі кәсіби байқаулар мен конференцияларда мектебіміздің абыройын асқақтатты.

Сонымен қатар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сүлейменова Гүлдана Сұлтанқызы халықаралық және республикалық басылымдарда мақалаларын жариялап, республикалық семинарларда тәжірибе бөлісіп, кәсіби байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Мектеп директоры Ермухамбетова Жанар Закарьяновна қалалық «Үздік жас директор» байқауында III жүлделі орын алды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері оқушылар мен педагогтердің жетістіктеріне жоғары баға беріп, мектеп ұжымының жүйелі жұмысы мен ата-аналар қауымдастығының қолдауын ерекше атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы оқушылар мен педагогтердің жетістіктері туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Дарынды және талантты оқушыларды қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және озық тәжірибелерін тарату бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысатын оқушыларды ынталандыру шаралары күшейтілсін.
5. Оқушылар мен педагогтердің жетістіктерін насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.

2-МӘСЕЛЕ

«Тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы мен нәтижелері туралы»

Тындалды:

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары тәрбие жұмысының негізгі бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді.

Баяндамада оқушылардың азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық, экологиялық және еңбек тәрбиесі бағыттарында жүргізілген жұмыстар, ата-аналармен өзара іс-қимыл, құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынылды. Тәрбие жұмысының оқушылардың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы маңызын атап өтті. Ол мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, тәрбиелік жобаларға қамқоршылық кеңес мүшелерін белсенді тарту қажеттігін айтты. Сонымен қатар оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, буллингтің алдын алу, құқықтық мәдениетін қалыптастыру және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Ұсыныстар:

1. Ата-аналар қауымдастығының мектеп өміріне қатысу белсенділігін арттыру мақсатында бірлескен мәдени-көпшілік және тәрбиелік іс-шараларды көбейту.
2. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, буллингтің және зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу.
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуын кеңейту.
4. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында тұрақты кездесулер мен кеңестер өткізу.
5. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық іс-шараларды күшейту.
6. Тәрбие жұмысына жергілікті қоғамдастық өкілдерін, демеушілерді және қамқоршылық кеңес мүшелерін белсенді тарту.
7. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиені дамытуға бағытталған жобаларды жалғастыру.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Шынар Садуақасқызының ұсыныстары мақұлданын.
3. Ұсыныстар 2026–2027 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын әзірлеу барысында ескерілсін.
4. Ата-аналармен және қамқоршылық кеңеспен бірлескен жұмыстарды жандандыру бойынша нақты іс-шаралар жоспары әзірленсін.

5. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.

3-МӘСЕЛЕ

«Ұзартылған күн тобынан түскен қаражаттың мақсатты жұмсалуды туралы»

Тыңдалды:

Мектеп директоры ұзартылған күн тобынан түскен қаражаттың жұмсалуды туралы қаржылық есепті ұсынды.

Баяндамашы ұзартылған күн тобынан түскен қаражаттың мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, білім беру және тәрбие үдерісін жетілдіруге, оқушылар мен педагогтерді қолдауға, сондай-ақ ғылыми, шығармашылық және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталғанын атап өтті.

Ұзартылған күн тобынан түскен қаражат келесі бағыттар бойынша жұмсалған:

1. Білім беру және ғылыми-әдістемелік іс-шараларды өткізу мақсатында:

- білім беру қызметтері (семинарлар, білім беру платформалары);
- STEAM курстары;
- ғылыми іс-шаралар мен семинарларға арналған баннерлерді дайындау;
- мобилограф қызметтері.

2. Оқушылар мен педагогтерді ынталандыру және марапаттау мақсатында:

- «Үздік мұғалім» және «Жас мұғалім» номинациялары бойынша марапаттар;
- Рейтинг бойынша үздік педагогтер марапаттары;
- Мектепшілік спорт жарысына медальдар;
- ұйымдастыру және жеткізу қызметтері;
- ардагерге арналған мерекелік сыйлық себеті.

3. Зияткерлік, шығармашылық және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында:

- шахмат үйірмесінің қажеттіліктеріне арналған шығындар;
- «Асық ату» ойынына арналған костюмдер;

- костюмдер тігуге арналған материалдар;
- ұлттық іс-шараларға арналған галстук материалдары;
- киіз үйді рәсімдеу және пайдалану шығындары.

4. Материалдық-техникалық базаны нығайту және білім беру үдерісін қамтамасыз ету мақсатында:

- фанера;
- маңдайша (вывеска);
- мемлекеттік ту;
- қабырғаға сурет салуға арналған бояулар;
- манекендер;
- қорғаныш төсеніштер;
- принтерге арналған сиялар (Epson);
- 3D-принтерге арналған материалдар.

5. Зерттеу, тәжірибелік және жобалық жұмыстарды жүргізу мақсатында:

- химиялық реагенттер;
- оқу және тәжірибелік қызметке қажетті өзге де материалдар.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған қаржылық есеппен танысып, қаражаттың мектептің жарғылық мақсаттарына сәйкес жұмсалғанын атап өтті. Кеңес мүшелері бөлінген қаражаттың білім сапасын арттыруға, оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталғанына оң баға берді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Ұзартылған күн тобынан түскен қаражаттың жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша жұмсалуы мақұлданын (қосымша 1).
2. Ұсынылған қаржылық есеп назарға алынсын.
3. Қаражаттың білім беру ұйымының жарғылық мақсаттарына сәйкес мақсатты пайдаланылғаны деп танылсын.
4. Қаражаттың тиімді, ашық және мақсатты пайдаланылуына бақылау жалғастырылсын.
5. Ұзартылған күн тобынан түсетін қаражаттың жұмсалуы туралы ақпарат қамқоршылық кеңестің отырыстарында тұрақты түрде қаралып отырсын.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ШЫҒЫНДАРЫ

Қазан

Шығын атауы	Сума
STEAM платформасы	187 000 ₸
Пластик для 3D-печати Anycubic PLA 1.75 мм 4 кг мультиколер	39 990 ₸
Epson N112 EcoTank (сары)	13 500 ₸
Epson N112 EcoTank (күлгін, көгілдір, қара)	49 827 ₸
ИП Ногайбаева Жанель Мусахановна (киіз үй)	175 000 ₸
ИП NESIBE (галстук материалы)	100 000 ₸
Катушка	16485₸
Лицензия төлемі	40000₸
Флаг (жеткізу қызметімен)	29280₸

Қараша

Шығын атауы	Сума
Кіреберіске арналған қорғаныш кілемше (10 м)	70 000 ₸
Манекендер (4 дана)	171 800 ₸
Шахмат	208 000 ₸
Қабырғаға сурет салуға арналған бояу	19 180 ₸
Киіз үйдің қоршауы	33200₸
Сивцев плакаты (жеткізу қызметімен)	2595₸
Кабель	17000₸
Мане кенге арналған парик	7500₸

Желтоқсан

Шығын атауы	Сума (₸)
Шахмат	132 000₸
Сталкер (2 дана)	15 400₸
Жаңа жылдық баннер (материал және жұмыс)	70 000₸
Фанера	27 000₸
Химиялық реагент (мұзды ерітетін тұз)	35 995₸
Мобилограф қызметі	40 000₸
Акрилден жасалған «Жаңа жылыңызбен» жазуы	17 400₸

STEAM платформасы	113 000₸
Мөр мен мөртабанға арналған сия	2600₸
Адаптер (жеткізу қызметімен)	4495₸

Қаңтар

Шығын атауы	Сума
Шахмат	75 000 ₸
Медаль	45 600 ₸
ИП QURMET (блокнот)	50 000 ₸
Kolibri rental agency (5 кресло мен 4 тумбаны жалға алу қызметі)	100 000 ₸
Тумбалар мен креслоларды алып келу, алып кету қызметі	12 576 ₸
Ашық есік күніне келген қонаққа гүл	14 000 ₸
Ашық есік күнінде қонақтарды күтуге арналған шығындар	22 522 ₸
Жиһаздарды орауға арналған пленка	4 250 ₸
Махmoll Z10 микрофоны (жеткізу қызметін қоса алғанда)	13 995 ₸

Ақпан

Шығын атауы	Сума
Шахмат	84 000 ₸
Костюмге арналған мата мен фурнитура	47 900 ₸
Музыкалық аспапқа арналған материал	26 100 ₸
Баннер ілуге арналған конструкция	193 000 ₸
Әкелу қызметі	5 220 ₸
Киізден жасалған бұйымдарға арналған материал	7965 ₸

Наурыз

Шахмат	88 000 ₸
Баннерге арналған шығын (семинар)	34 000 ₸
Гүл	29 350 ₸
Костюм дайындау	25 000 ₸
Мобилограф қызметі	60 000 ₸
Флаг (жеткізу қызметімен)	29350₸

Сәуір

Шығын атауы	Сома
Мектепке арналған маңдайша	200 000 ₸
Семинар, платформа (STEAM LAB)	200 000 ₸
Ғылым күніне арналған баннер дайындау	26 700 ₸
Шахмат	60 000 ₸
Наградалар	16 420 ₸
Наградаларды жеткізу	3 130 ₸

Мамыр

Шығын атауы	Сома
Мерекелік сыйлық себеті (ардагерге)	20 000 ₸
Үздік ұстаздарға арналған марапат	16 283 ₸
Марапатты жеткізу қызметі	4 620 ₸
Бензин	4200₸
Флагшток	8496₸

ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

Көрсеткіш	Сома
Материалдық және ұйымдастыру шығындары	3 366 924 ₸
Міндетті аударымдар	166 600 ₸
Абоненттік төлем	15 600 ₸
Жалақы қоры	4 994 276 ₸
Жалпы шығындар	8 543 400 ₸
Салық	256 302 ₸
Комиссия	83 597,17 ₸
Кіріс	8 908 800 ₸
Қалдық	10524₸

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Нар
| Абдуқасимов А. Н. |

Хатшы: А | Дискулова С. С. |

01.06.2026 жыл

Қатысқандар:

- Тайыншы: Абдуқасимов А. Н.
- Тайыншы: Абдуқасимов А. Н.
- Тайыншы: А | Дискулова С. С.
- Тайыншы: Абдуқасимов А. Н.
- Тайыншы: А | Сарманбаев А. С.
- Тайыншы: А | Шарова О. М.